

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
 негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
 іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Қызылжар ЖОББМ

Топ/сынып мектепалды “А” сынып

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2026 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Ескерту
наурыз	Дене тәрбиесі	-Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; -арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; -тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; -белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; -ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; -шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; -Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, қосалқы қадаммен алға қарай жүру. -әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен текшелерден аттап жүру; -Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.	

<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>-Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p>-Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану,</p> <p>-сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>-Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.</p> <p>-Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру,</p> <p>-әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу</p>	
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>-Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.</p> <p>-Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру,</p> <p>-қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау</p> <p>-Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру.</p> <p>-Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту.</p>	
<p>Сауат ашу негіздері</p>	<p>-Сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p> <p>-Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу,</p> <p>-Сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Қолды жазуға дайындау.</p> <p>-Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p> <p>-Сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау.</p> <p>-Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету;</p> <p>-Сөйлемді ауызша талдау;</p> <p>- берілген сөзге сөйлем құрастыру;</p> <p>-сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу.</p>	

<p>Қазақ тілі</p>	<p>-Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айту, -тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу, -кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдау, -кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру. -Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, -өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттау.</p>	
<p>Математика негіздері</p>	<p>-танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту. -зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білу, -себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту; -балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу; -Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білу, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. -математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету. - Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. -күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру. -Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру -Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсіну,</p>	

<p>Қоршаған әлеммен танысу</p>	<p>-Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу; -Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу; -Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау; -Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау; -Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу; -Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу, оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтарының шаңын сүрту;</p>	
<p>Құрастыру</p>	<p>Қағаздан құрастыру. -Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. -Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. -Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.</p>	
<p>Сурет салу</p>	<p>-Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау. -Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, -бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.</p>	
<p>Мүсіндеу</p>	<p>-Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табак, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), - тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), -зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.</p>	
<p>Жапсыру</p>	<p>-Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.) қиып жапсыру, -киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.</p>	

	өрнектермен безендіру.	
Музыка	<p>- Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p>-Ән айту. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.</p> <p>-Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту,</p> <p>-ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.</p> <p>-Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу.</p> <p>-Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p>	